

Павлодар облысы әкімдігінің 2016 жылғы 7 сәуірдегі "Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт, ветеринария, орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" № 106/3 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Павлодар облысы әкімдігінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 222/3 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 9 тамызда № 29070 болып тіркелді

Павлодар облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Павлодар облысы әкімдігінің 2016 жылғы 7 сәуірдегі "Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт, ветеринария, орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" № 106/3 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5121 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының 2-қосымшасы осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулының 3-қосымшасы осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулының 4-қосымшасы осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Павлодар облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте:

осы қаулының Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

осы қаулыны Павлодар облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Павлодар облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Павлодар облысы әкімінің міндеттін атқарушысы

O. Крук

"КЕЛІСІЛДІ"

Павлодар облыстық мәслихаты

Павлодар облысы әкімдігінің  
2022 жылғы 3 тамыздағы

№ 222/3 қаулысына

1 қосымша

Павлодар облысы әкімдігінің

2016 жылғы 7 сәуірдегі

№ 106/3 қаулысына

2-қосымша

## **Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі**

1. Мемлекеттік мекеменің және қазыналық кәсіпорнының басшысы және басшысының орынбасары (әкімшілік-шаруашылық бөлім жөніндегі орынбасарынан басқа).

2. Құрылымдық бөлімше, бөлім, сектор басшысы, бөлімше менгерушісі.

3. Мамандар: барлық мамандықтағы дәрігерлер, нұсқаушы, диеталық мейіргер, мейіргер, қарттарға және мүгедектерге күтім көрсету бойынша әлеуметтік қызметкер, мүгедек балаларға және психоневрологиялық аурулары бар 18 жастан асқан мүгедектерге күтім көрсету бойынша әлеуметтік қызметкер, әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман, жұмыспен қамту орталығының (қызметінің) құрылымдық бөлімше маманы, әлеуметтік жұмыс жөніндегі ассистент, әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант, жұзу жөніндегі нұсқаушы, еңбек терапиясы жөніндегі маман, медициналық-әлеуметтік мекемелердің (ұйымдардың) әдіскері, арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалау және айқындау жөніндегі әлеуметтік қызметкер, емдік дene шынықтыру жөніндегі маман, психолог, дефектолог, халықты жұмыспен қамту орталығының әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанты, халықты жұмыспен қамту орталығының ассистенті.

Павлодар облысы әкімдігінің

2022 жылғы 3 тамыздағы

№ 222/3 қаулысына

2 қосымша

Павлодар облысы әкімдігінің

2016 жылғы 7 сәуірдегі

№ 106/3 қаулысына

3-қосымша

## **Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін білім беру саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі**

1. Мемлекеттік мекеменің және қазыналық кәсіпорнының басшысы және басшысының орынбасары (әкімшілік-шаруашылық бөлім жөніндегі орынбасарынан басқа).

2. Шеберхана, зертхана, сектор, бөлімше, кітапхана басшысы (менгерушісі).

3. Мамандар: барлық мамандықтағы мұғалімдер, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін оқу ұйымының шебері-оқытушысы, жетекші, тәрбиеші,

нұсқауши, шебер, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін оқу үйымдарының өндірістік оқыту шебері, әдіскер, музикалық жетекші (негізгі қызмет), педагог-психолог, ұйымдастырушы педагог, әлеуметтік педагог, қосымша білім беретін педагог, барлық мамандықтағы дәрігерлер, диеталық мейіргер, мейіргер, кітапханашы, жаттықтырушы-оқытушы.

Павлодар облысы әкімдігінің

2022 жылғы 3 тамыздағы

№ 222/3 қаулысына

3 қосымша

Павлодар облысы әкімдігінің

2016 жылғы 7 сәуірдегі

№ 106/3 қаулысына

4-қосымша

**Азаматтық қызметшілер болыш табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі**

1. Мәдениет және архив ісінің мемлекеттік мекемесі және қазыналық кәсіпорын басшысы және басшысының орынбасары (әкімшілік-шаруашылық бөлім жөніндегі орынбасарынан басқа).

2. Архив, архив қоймасының, кітапхана, әдістемелік кабинет, өндірістік шеберхана басшысы (менгеруші), құрылымдық бөлімше, сектор, бөлім, филиал басшысы, көркемдік жетекші, ұжым (үйірме) жетекшісі, музикалық жетекші.

3. Мамандар: аккомпаниатор, барлық атаулардың әртісі, библиограф, кітапханашы, дыбыс режиссері, дыбыс операторы, нұсқауши, мәдени ұйымдастырушы, әдіскер, суретші, хореограф, қорлардың бас қорғаушысы, архивист, архивші, археограф, экскурсовод, музейлер қорын есепке алу архивисті, режиссер, концертмейстер, хормейстер, репетитор, редактор.